

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 490 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 1423 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 490 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы «977 516 680 (тоғыз жүз жетпіс жеті миллион бес жүз он алты мың алты жүз сексен)» деген сөздер «972 214 263 (тоғыз жүз жетпіс екі миллион екі жүз он төрт мың екі жүз алпыс үш)» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*